**Бекітемін:**

**Кеңқияқ ЖОББ мектебінің**

**директоры А.Б.Бришова**

**«31» 08 2023ж**

# *2023-2024 оқу жылына арналған Кеңқияқ жалпы орта білім беретін мектебіндегі әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары*

*Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.*

**Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:** оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

**Әлеуметтік педагогтың міндеттері*:***

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

| № | Іс – шаралар | Орындалу мерзімідері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| | **I. Кластарға, мектепке әлеуметтік төлқұжатты жүргізу** | | | |
| 1 | Ұйымдастырушылық іс-шаралар:<br>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру.<br>- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау. | тамыз | әлеуметтік педагог | жоспар |
| 2 | - «Мектепке жол» акциясы аясында мектепішілік қайырымдылық қорын ұйымдастырып, отбасы жағдайы төмен, аз қамтылаған отбасыларын анықтап, сұраныс бойынша көмек көрсету. | тамыз | әлеуметтік педагог | акция аясында |
| 3 | - Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру. | Тамыз | әлеуметтік педагог<br>ДТІЖО | акция аясында |
| 4 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау. | Тамыз | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекші<br>кітапханашы | анықтама |
| 5 | Класс жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу бойынша мәліметтерді жинау | Қыркүйек-қазан | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекші | Мәлімет жинақтау |
| 6 | Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасау. | Қыркүйек - қазан | әлеуметтік педагог | мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу |
| 7 | Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін анықтау үшін 64 қаулы негізінде оқушыларды тізімге кіргізу,құжаттарын жинақтау | Тамыз-қыркүйек | Әлеуметтік педагог<br>Қамқоршылық кеңес мүшелері | Тізім жасақтау, құжат жинақтау |
| 8 | *Ыстық тамақты ұйымдастыру*<br>1) Бракераждық комиссия құру туралы бұйрық.<br>2) ыстық тамақтың ұйымдастырылу жұмысының жоспары.<br>3) Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі<br>4) Асхана кезекшілік кестесі, жұмыс уақыты кестесі<br>5) Ыстық тамақпен қамтылу мониторингісі<br>6) жалға алушы туралы мәлімет | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог<br>Медбике<br>Тәрбие ісі орынбасары | Бұйрық, хаттама, анықтама |
| 9 | «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі!» дұрыс тамақтану күнін ұйымдастыру | Қараша | Әлеуметтік педагог<br>Медбике | Іс-шаралар ұйымдастыру |
| 10 | «Қамқоршылар»күні жетім жән ата ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршыларын | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құттықтау | | | |
| 11 | Жаңа жылдық шыршада аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі отбасындағы оқушыларды сыйлықпен қамтамасыз ету; | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог<br>Мектеп әкімшілігі<br>«Қамқоршылық кеңес» | Сыйлықпен қамту |
| 12 | Облыс, аудан әкімінің шыршаларына әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог | Сұраныс жіберу, құжаттарын тапсыру |
| 13 | Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасының балаларын жазғы демалыс лагерлеріне демалуға анықтау, тізімін жасау | Мамыр | Әлеуметтік педагог | Тізім жасау, сұраныс жіберу |
| | **II. Бала құқығын қорғау жұмысы** | | | |
| 14 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен байланыса отырып жұмыс жүргізу. | Жыл бойы | әлеуметтік педагог | анықтама |
| 15 | Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекшілер<br>психолог | анықтама |
| 16 | Мүмкіндігі шектеулі, мүгедектігі бар оқушылармен кездесу ұйымдастыру | Қазан | әлеуметтік педагог<br>психолог<br>деффектолог | Кеш ұйымдастыру |
| 17 | Өгей ата-анасында тәрбиеленетін оқушылардың үйіне барып, тұрмыстық үй жағдайын зерттеу | Қазан | әлеуметтік педагог<br>сынып жетекшілер<br>психолог | Зерттеу акт жасау |
| 18 | «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Қараша | әлеуметтік педагог | мәлімет |
| 19 | Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог<br>«Қамқоршылық кеңес» | Құттықтап үйіне бару |
| 20 | «Әлімжетікке тап болсаң, өзіңді қалай ұстауың керек?» | Ақпан | әлеуметтік педагог<br>психолог | бейнеролик |
| | **III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс** | | | |
| 21 | Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек<br>Қаңтар | әлеуметтік педагог<br>Психолог | Акт |
| 22 | Мектепішілік есепте тұратын қиын және құқықбұзушылыққа бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. | Жыл бойы | ДТІЖО<br>әлеуметтік педагог<br>психолог | тізім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу. | | | |
| 23 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепішілік және аудан аймағында лагерьде демалуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру. | Мамыр | Әлеуметтік педагог | оқушы құжаттарын жинау |
| **IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы** | | | | |
| 24 | Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу, сабақ өтілуін қадағалау | Қыркүйек<br>Қараша<br>Ақпан | Әлеуметтік педагог<br>психолог<br>сынып жетекші<br>ДТІЖО | Болған жағдайда |
| 25 | Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу. | Жыл бойы | | |
| 26 | Ата - анасымен тұратын оқушылардың отбасылық, әлеуметтік жағдайын бақылау | Жыл бойы | | |
| **V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс** | | | | |
| 27 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сабақ кестесі бойынша білім алуын қадағалау. | Жыл бойы | әлеуметік педагог | кеңес беру ата-анасымен сұхбаттасу |
| | **VI. Диагностикалау-талдау қызметі** | | | |
| 28 | Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы. | Мамыр | әлеуметтік педагог | анықтама |
| 29 | Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі | Мамыр | әлеуметтік педагог | талдау |
| 30 | Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру | Мамыр | әлеуметтік педагог | жоспар әзірлеу |

Әлеуметтік педагог: Хайтмухамедова Г.А.
Абдигалиева Р.Н.